

ЗҰЛАМАТ ҚҰРБАНЫ МӘННАН ТҰРҒАНБАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ГАЗЕТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сайлаубаева Н.Е.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Еліміз егемендік алғаннан бастап, қазақ елінің жүріп өткен жолы мен тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан жазу бүгінгі күн талабы болмақ. Бүгінде өткенді ой елегінен өткізіп, ақиқаты айтылмай келген «ақтаңдақ» беттерін ашу мүмкіндік қана емес, қажеттілік болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тарих дегеніміз тек өткеннің ғана сабағы емес. Ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрнісі» [1, 237 б.] деген болатын.

Қазақстан тарихы ғылымының әр саласы бойынша зерттеулер жүргізіліп, оның ішінде қазақ баспасөзі тарихына да арналған ғылыми зерттеу еңбектер жарық көргені белгілі. Қазақ баспасөзінің соңғы бір ғасырдан артық мерзімдегі әр кезеңнің талабына сай еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуына тигізген ықпалын айқындап, тарих ғылымына қойылатын талап негізінде оның қоғамның дамуындағы орнын айқындап, баға беру аса маңызға айналып отыр. Отандық тарих ғылымында осы талап тұрғысында жекелеген зерттеулер дайындалып, қазақ баспасөзінің өткенін айқындауда біршама істер атқарылды десек бүгінгі күнге аталған саланың өткені толыққанды зерттелмегендігі анық. Міне, сондықтан да қазақ баспасөзінің тарихын зерттеп, оның өткендегі қызметін айқындап, оның ғылыми маңызын анықтау бүгінгі күн талабына айналып отырғандығы белгілі.

Қазақстан тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап қазақ баспасөзінің негізделуі мен атқарған қызметі және даму тарихына арналған бірқатар ғылыми зерттеулер жазылса да, еліміздегі аймақтар мәселесін көтерген баспасөз тарихы толықтай зерттеліп болды деп айта алмаймыз. Осы тұрғыдағы ХХ ғасыр басынан Семей өңірінің әр кезеңдер деңгейіндегі мәселесін көтеріп, жариялап келген бұрынғы «Қазақ тілі», қазіргі «Семей таңы» газетінің атқарған қызметін жан-жақты зерттеп, оған ғылыми талдама беру уақыт талабы болып отырғандығы белгілі.

Соның ішінде кеңестік қазақ баспасөзінің бастаушысы болып саналатын «Қазақ тілі» газетінің тарихын саралап, атқарған қызметіне баға беру аса маңызға ие. Негізінен алғанда «Қазақ тілі» газеті өзінің қызметі тарихында елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты атауын бірнеше рет ауыстырды. Басылым 1919 жылдың 4 желтоқсанынан «Қазақ тілі» деген атпен шығып келсе, кейінгі жылдары «Жаңа ауыл», «Қызыл дала», «Социалды Шығыс», «Екпінді», «Семей правдасы», «Ертіс», ал соңғы 1944 жылдан «Семей таңы» деген атпен жарияланып келеді.

ХХ ғасырдың екінші он жылдығында Қазақстан алдымен РКФСР одан кейін КСРО құрамындағы автономиялық құрылым ретінде қалыптасып, социалистік ілім талаптары жағдайындағы елдің даму барысын бұқараға

жариялап, оларды осы талаптарды орындауға жұмылдыруға бағыттауда баспасөзге ерекше назар аударылғандығы белгілі. Міне, осы талапты іске асыру мақсатында 1919 жылдан сол дәуірдегі Шығыс Қазақстан аймағында кеңестік «Қазақ тілі» газеті шығарыла бастады.

«Қазақ тілі» газетінің алғашқы ұйымдастырушылары М.Тұрғанбаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ш.Тоқжігітов, С.Дөнентаев сияқты қазақ зиялылары болса, Ш.Мұсатайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, С.Есова, М.Дулатов секілді қайраткерлер өздерінің келелі мақалаларымен басылымның мазмұнды шығуына үлес қосты. Жалпы алғанда Семей қаласында көрсетілген мерзімде кеңестік ілімнің насихаттаушысы «Қазақ тілі» газетімен қатар осы өңірдегі Алаш орталығының баспасөз органы болған «Сарыарқа» газеті жарық көріп, өзінің қызметін жүргізді. Аталған газетте Алаш қозғалысы жетекшілерінің мақалалары жарияланып, қазақ руханияты тұрғысындағы басты мәселер көтеріліп келгендігі белгілі. Газет сандарында Семей өңіріндегі Алаш қайраткерлерінің еңбектері жарияланып келді. Көрсетілген басылымдармен қатар осы мерзімде Семейде «Абай» журналы да шығарылып, оның жұмысына Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Ғ.Қарашев, С.Садуақасов, Х.Досмұхамедов сияқты қазақ зиялылары белсене қатысқан еді. Бұл басылым да өзінің алдарына қойған міндеттеріне орай қызметтер атқарды.

XX ғасыр басында Семей аймағында жарық көріп, мүмкіндігінше бүкіл қазақ жеріне тараған кеңестік басылым «Қазақ тілі» газетінің атқарған қызметін саралап, оған қазіргі заман талабы тұрғысынан баға беру аса маңызға ие. Міне, осы мақсатты іске асыру талабына орай қазақ баспасөзінің даму тарихында өзіндік орын алатын газеттің алғашқы бас редакторлары мен автор-тілшілерінің қазақ баспасөзіне қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан бағалап, зерделеуге назар аударылды.

«Қазақ тілі» газетінің іргетасын М.Тұрғанбаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ш.Тоқжігітов, С.Дөнентаев, Ә.Досов сияқты қоғам қайраткерлері қаласа, ілгеріде олардың қатары І.Молдажанов, Ж.Найманқожаұлы, Ж.Тәттібаев, У.Забиров, Ғ.Искаков, Ділдә Шайх Шарапиев, Т.Өтелиев, М.Бейсенов, И.Тоқтыбаев сынды қаламгерлермен толыға түсті.

«Қазақ тілі» газетінің алғашқы бас редакторы қазақ тарихында өзіндік орны бар қайраткерлердің бірі алашордашы, ағартушы журналист Мәннан Тұрғанбаев. Мәннан Тұрғанбаевтың өмірі мен атқарған қызметі Семей қаласымен тығыз байланыста. Баспасөз саласындағы қадамы «Сарыарқа» «Абай» басылымдарынан бастау алып «Қазақ тілінде» жалғасын тапты. Мәннан Тұрғанбаев «Сарыарқа» газетінде редактордың көмекшісі ретінде Санкт-Петербургтегі 2,5 айлық журналистер оқу курсінен өтеді. 1918 жылы Мәннан Тұрғанбаев «Алаш» атты әскер полкіндегі 36 адамның бірі болды.

Семей қаласында орналасқан мұрағат қорынан алынған Әлихан Бөкейханов атына жазылған құжатқа сүйенсек Мәннан Тұрғанбаевтың Алаш қайраткерлері Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсековтермен тығыз байланыста болғанына көз жеткіземіз [2]. Әсіресе, Ж.Аймауытов, Н.Нұрмақов, М.Әуезов, Қ.Сәтпаев, Ә.Ермековтермен серіктес, әріптес болып, өте жақын араласқан. Шешуі қажет

болған мәселелерді бас қосып, ақылдаса отырып шешкен екен. «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Әлиханның Семейге келуі» деген мақалада Мәннан Тұрғанбаевтың алаштың көсемі Әлихан Бөкейхановпен бір мақсат, бір мүдделес екенін тағы да бір таныта түседі. Онда «Оқытушылар атынан Мәннан Тұрғанбайұлы сөйледі: «Сүйікті басшымыз! Еңбегіңіз жанды, оқытушы екенін жасырып жүретін, оқытушылар мынау отырған. Бұрынғы келгендерінде, дидарынды көрсетпей жауып қойғанда уақыттары болды. Дүзі қаралардан қорқып, біз де бүйтіп көрініп, алдыңыздан шыға алмаушы едік. Құдай бізді бүйтіп қарсы алуға жеткізді. Біз оқытушылар пікіріңізді жайып, еліңді тірілтуге даярмыз. Көп жаса басшымыз, сені көрумен, өзімізді бақытты санаймыз» [3, 372 б.] деп жазылуы соны айғақтайды.

Мәннан Тұрғанбаевты ұлттық Алаш партиясының уығын тігіп, шаңырағын көтеріскендердің бірі деуміз бекер айтылмаған. 1918 жылы Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов негізін салған «Абай» журналының белді авторларының да бірі екеніне оның басылымда жарияланған «Ұлтшылдық» атты құнды мақаласы мен «Шежіре» жайлы жазғандары дәлел болады.

Мәннан Тұрғанбаев 1917-1919 жылдары Семейдегі педагогикалық курстың меңгерушісі және осы курстың мұғалімі болып жұмыс істейді. Бұл қызметті атқарғандығы мұрағат қорынан табылған екі жылдық педагогикалық курстың меңгерушісі ретінде берілген жеке куәлігі растайды [4]. Мәннан Тұрғанбаев Семей өңірінде Кеңес өкіметін орнату ісіне ат салысқан, жаңа мамандарды даярлауға көп еңбек сіңірген жандардың бірі.

1919 жылы Кеңес өкіметі орнаған кейін іле-шала дүниеге келген «Қазақ тілі» газетінің жауапты редакторы, тұңғыш шығарушы болған. Мәннан Тұрғанбаев «Қазақ тілі» газетте редакторлық, журналистік қызметпен қатар, губерниялық оқу бөлімінің мектеп инспекторы болып істей жүріп, қазақ мектебін негізінен қайта құру, оның түрлерін белгілеу, оқытудың мазмұнын анықтау, мұғалімдердің әдіс-шеберлігін жетілдіру жұмыстарында да іскерлік танытты.

«Қазақ тілі» газетінің 1924 жылғы 5 желтоқсан күні санында жарияланған «Қазақ тілінің» еңбек ерлері» атты мақалада «Қазақ тілінің әуелгі тасын қалап, бірінші санынан бастап, жауапкер шығарушылық міндетін мойнына алып, төңкерістің алғашқы күндерінде дүниеге келген «Қазақ тілін» қаз тұрғызған белгілі жазушыларымыздың біреуінен саналған жолдас Тұрғанбайұлы Мәннан» [5] делінген. Қайраткер қаламгер бұл қызметте 1919 жылдың 4 желтоқсанынан бастап 1920 жылдың наурыз айына дейін болып, оқулық жазу, тағы басқадай шығармашылық шаруасымен болады.

Бұдан әрі 1920 жылдың наурызынан қараша айына дейінгі аралықта «Қазақ тілі» газетінде жетекшілік еткен Жүсіпбек Аймауытов атқарса, бұдан кейін не бары 42 күн Мұхтар Әуезов болды. Сол шамада Жүсіпбек Крайға қызметке шақырылып, Мұхтардың Семей губком төрағалығына бекітілуіне орай редакторлық міндет қайтадан Мәннан Тұрғанбаевқа жүктеледі. Бұл шілде 1921 жылдан 1922 жылдың қарашасына дейінгі мерзім еді.

Мұны оның өз қолымен жазған «Қазақ тілі» газетінің 1922 жылғы 1 қазан күнгі санында жарық көрген «Ұмытпадым» деген мақаласы айғақтайды.

Мақалада былай деп жазады: «Оқу Комиссариаты бұйрығымен Семей губерниясына жіберілдім. Семей мені май айында, ақтың қашқындары қырып кеткен, иесіз қалған Қарқаралыға жіберді. Онда бір ай қызмет істеп, Өкіметті орнатысып тұрғанымда Семейге жаңа келіп орнаған қазақтың кіндік Орталық Комитетінің толық құқықты уәкілі Тагзинов шақырған соң, июльдің ішінде қайтып Семейге келдім. Ленин атындағы көшенің 40 үйінде орналасқан, кісі жоқтықтан тоқтап қалған «Қазақ тілі» газеті маған берілді. Мен газетті тірілтім. Оқытушылар курсіне дәріс бердім. Әр түрлі топтарды (съезд) өткердім. Барлыбаев Орынборға алынған соң, Губерниялық халық билері Кеңесінің қазақ бөлімінде қызмет істеу тағы маған тапсырылды дейді. Одан әрі осы күнде маған міндет болып жүктелген жұмыстар-Губерниялық халық билері Кеңесінде жауапты қызмет; Губерниялық Кеңес-партия мектебінде мұғалімдік; «Қазақ тілі» газетінде жауапкер-жазушылық; Бұлардың үстіне атқару комитеті кооперация кеңестерінде мүше болып мәжілісте болу; осы жоғарыдағы қызметтерден ешбір уақытта сейілгенім жоқ» [6].

Мәннан Тұрғанбаевтың мұншама көп қырлы қызметі сол дәуірдің талабынан туады. Қазақ баспасөзінің алар орнына ерекше мән берген Мәннан Тұрғанбаев тоқырап қалған «Қазақ тілі» газетін қайта жандыруға қызу кіріседі.

Мұрағат мәліметіне жүгінсек 1921 жылы 4 шілдеде өткен РКП (б) Семей губком президумы отырысында «Қазақ тілі» газетінің редакциялық алқасы құрылып, оның құрамына Смағұл Садуақасов, Нығмет Нұрмақов, Мәннан Тұрғанбаев жолдастар кіреді [7].

«Қазақ тілі» газетінің редакторы ретінде Мәннан Тұрғанбаев губерниялық ревкомның ұлтаралық бөліміне 1921 жылы 11 шілдеде №89 санды қатынас-қағаз жазады. Жолдауда газет шығару, тарату ісіндегі қиыншылықтарды баяндай келе, көмек сұрап, қазақ газетінің болашағын айқындайды. Оның көсемсөзінше «Қыр қазақтарының ортасында ревкомдардан басқа қоғамдық ұйымдардың әзірге ешқайсысы жоқтың қасы. Бар болғанымен өте аз. Ревкомдар халық арасына газет тарату ісіне сонша жауапты қарамай келеді.

- Қазақ буржуйлары өздері сауатсыз болғандықтан біздің газетімізді алып оқып, пайдалана алмайды.

- Жеке газетке жазушылар идеялық-адалдық жағынан Совет үкіметі платформасын жақтаушылар. Солар ғана қараңғы халық ортасында үгіт-насихат жүргізіп, олардың бүгінге дейінгі ойын оята алады. Бірақ мұндай газетке жазылушы жеке адамдар саны өте аз. Интеллигенттердің өзі де аз ғой. Редакция осы жайларды баяндай отыра

- Сіздерден сұрайтынымыз-тиісті өкімет орындары арқылы тиімді ықпал жасай отырып, губсовнархоз қарамағындағы қағаз қорын есепке ала отырып, біздің газеттің тиражын 4000-ға көбейтіп, жұмасына 3 рет, 4 бет етіп шығаруға ықпал-көмек жасауларыңызды сұраймыз [8, 15 б.]. Газет жарық көру барысында бірқатар қиыншылықтарды бастан өткерді. Алайда араға жылдар салып басылым таралымының бес мың данаға дейін жеткені олқылықтың орнын толтырғандай болды.

«Қазақ тілі» газетінде 1922 жылдың 1 қарашасынан бастап 1924 жылдың басына дейін редакторлықты Шаймерден Тоқжігітов атқарады. Ал, 1924

жылдың қаңтарынан сол жылдың наурыз айы аралығында шыққан «Қазақ тілі» газетінде редакторлық еткен тағы да Мәннан Тұрғанбаев болса да «редколлегия алқасы» деп қол қойылып келді. Мәннан Тұрғанбаев бұл кезде газет редакторлығымен қоса, губерниялық ревкомның, губерниялық атқару Комитетінің де мүшесі болып сайланады. Сонымен қатар оқытушылар даярлайтын оқу орындарында жетекшілік етеді, әрі дәріс береді.

Қазақ халқының басынан өткен 1921 жылғы ашаршылық қаламгер назарынан тыс қалған жоқ. Сол күндердің ауыр зардабына деген жанайқайы «Ашаршылықпен күрес», «Аштарға жәрдем бер, келесі күнін ді естен шығарма!» атты мақалаларында көрніс тапса, «Ел мұңы шаруасы басылмайды», «Бірыңғай шаруа салығы», «Қазаққа денсаулық керек», «Шаруаны қорғау жүзінде», «Қазақстанды аудандау мәселесі» тағы басқадай көптеген еңбектері ұлттың мүддесі, ұлтты сақтаудың, ұлтты қорғаудың бағыт-бағдарына арналыпты. Мәннан Тұрғанбаевтың сол еңбектері арқылы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігіне көз жеткізуге болады.

Мәннан Тұрғанбаевтың шығармашылық талабын танытатын «Ашаршылықпен күресу» мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 12 қыркүйектегі санында жарияланыпты. Автор ашаршылықты басынан өткерген қазақ қандастарына алдағы күннің міндеті «Губернияның халқы комиссияның жарлықтарын орындауға заң алдында, азабын біздің қазақ халқы жиірек көрген, көріп те тұрады. 1917-18 жылдары Сырдария, Жетісуда болған аштық осы жылғы Ақтөбеде, Қостанай, Орал, Бөкей губернияларында басына келіп отырған. Аштық қазақ елінің есінен қалмайтын үлкен апаттардан саналады. Осы күндегі ашығып отырған қазақ губерниялары да жалпы Россияның аштарға көмек беретін кіндік комиссия есебіне кіріп отыр. Совет үкіметі адам баласын алаламай жалпы қарайды. Тұқымына тартып кетуді ойламайды. Қазақ елі жалпы ағымға, үлкен көліне сүйеніп іс қылмаса, өз беттерімен үлкен жұмысты басқарып жүре береді деуге болмайды. Бұл сөздің шындығын әр орында тәжірибемен сынап біліп жүрміз. Ендігі ашаршылықтан аман қалған тұрған қазақтың міндеті-аямай жәрдемдерін беру, азаматтары комиссияның қызметіне кіріп, аштан қырылып жатқан бауырларына көмектерін көрсету» [9]- дейді.

Түркия түріктері 1919 жылы бүгінгі отанын құтқару және тәуелсіздігін қорғау үшін соңғы күшін жинап, Ататүріктің басшылығында «Өмір не өлім» күресін бастады. Бұл азаттық күресі 1922 жылы ұлттық жеңісімен аяқталады. Осылайша 1923 жылдың күзінде қазіргі Түркия республикасы мемлекеті өмірге келеді. Алаш арысы Мәннан Тұрғанбаев тап осы кезде түрікшілдік идеяларын насихаттады. Мәннанның Исламшыл һәм Түрікшіл тұлға екендігін баспа беттерінде жарық көрген ас құнды ой-пікірлері таныта түседі.

«Қазақ тілінің» 1922 жылғы № 86 санында шыққан «Стамбул-Түрікке» мақаласында: «Іргелі ұлт болып жіктеніп отырарлық бұратаналар жоқ. Түріктің осы соңғы қимылы: ронанды жеңіп, айдап отырып дарияға тоғытуы, Стамбул қаласында болған қозғалыс, бүгін дүние саясатына салмақ бола алуы нағыз түрік болғандықтарынан ғана деп білу керек. Түріктің әскерінің ішінде көңілі бұзық жат /Иран сияқты/ тұқымдары болса, бұл сияқты үлкен күш көрсете алмас еді. Түрік басынан көп тарихи уақиғаларды өткерді. Көп тәжірибелер алды. Бұл

күнде, бұрынғы дамып жатқан зор Түркия мемлекеті болмай, ықшамдаған, нағызданған, кішкене ғана Туркия болып қалды. Бұдан былай, Түрік өзінің осы алып отыратын жеріне ғана ие болып отырады. Түрік тұқымын гүлдендіреді. Судағы, құрлықтағы күштерін молайтып, өзінің кішкене өлкесіне жауды кіргізбеуді ғана ойлайды. Түріктер бұрынғы /Ислам дінінің қорғанымыз, мұсылман намысына шабамыз/ деген қиял ойларын қалдырып, Түрік ұлты /кішкене Түркияны сақтап тұруы керек. Түрік елін ғана өркендету керек/ деген ойға кіреді. Нағыз Түркия осы күнде Европаның бір еліндей болып, саясат һәм мәліметті жүзінде ілгері ұлттармен қатарласып, үзеңгі қағысады» [10] деп бауырлас Түркі еліне тілектестік білдіреді.

«Қазақ тілі» газеті алғашқы қадамынан бастап-ақ халықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайына, әдеби-мәдени өмірімен оқу-ағарту ісінің дамуына үлес қосты. Басылымның көтерген басты тақырыптары сол кезде қазақ арасында орын алған-жер мәселесі, ауыл мен мал шаруашылығын дамыту, әйел теңдігі, тіл мәселесі, оқу-ағарту ісі, денсаулық саласы болып табылады. Бұл ретте «Қазақ тілі» газетінде «Ел хабарлары», «Оқу жайында», «Жастар тұрмысынан», «Әйел теңсіздігі», «Сыртқы және ішкі хабарлар», «Қазақ тілінің іске асуы» атты тақырыптар үнемі қарастырылып келді. ХХ ғасырдың басындағы ең өзекті мәселенің бірі-жер мәселесі болды. Бұл тақырыпқа газет ерекше мән береді. Басылымда жер мәселесін көтерген «Қазақ жері», «Жер дауы туралы», «Әзір тұру керек», «Жерге орнықтыру керек», «Қазақстандағы жер бөлімі екпінді жұмыс істей бастады» т.б. маңызды мақалалар жарық көрді. Қазақ кеңес баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі «Қазақ тілі» газеті басылымның басты ұйымдастырушыларының халықтың мәдени деңгейін көтеру мен ағартушылық саласындағы еңбегін ашық айтуға солақай саясат салдарынан мүмкіндік болмады. Сталиндік зұламаттың жазықсыз құрбандығына ұшыраған алаш азаматы Мәннан Тұрғанбаев 1937 жылы заңсыз тұтқындалып, НКВД-нің «үштігінің» айыптауымен сотсыз, үкімсіз атылып кетті. Мәннан Тұрғанбаев 1963 жылы ресми түрде ақталғанмен алаш қайраткері жайлы шындық тек соңғы жылдары ғана жариялана бастағаны соның тағы бір айғағы. Ел өмірінің өткір проблемалық мәселелерін көтерген «Қазақ құқыңа ие бол!», «Англияның мұсылмандарға жүргізген саясаты», «Ұмытпадым», «Алдыңғы күннің сәулесі», «Сезімі барға» мақалалары «Қазақ тілінде» жарық көрді. Бұлардан басқа да бас мақалалары «Саясат дүниесінде», «Күншығыс мәселесі», «Стамбул-Туркияда», «Франция түріктері талпынады» деген аса құнды еңбектері басылымда шықты.

ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында мемлекетшілдік ұранын оятқан Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, елін ертеңі үшін бар білімін, күш-жігерін жұмсаған ұлт перзенті, қазақ баспасөзінде өзіндік қолтаңбасын, озық ойлы пікірін қалдырған қаламгер Мәннан Тұрғанбаевтың есімі өшпейтіндігі, әрі ұмытылмайтыны шүбәсіз. Сталиндік қуғын-сүргінге түсіп, қызыл қырғынның құрбаны болған есіл ер Мәннан Тұрғанбаевт өмірден де, тарихта да лайықты еншісін, ұрпақ бағасын алатыны, әліде ала беретіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 237 б.
2. ШҚО. ҚЗ ТҚО. 1-қор, 1-тізбе, 1527-іс, 67-77 п.
3. Бөкейханов Ә. Шығармалары. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 372 б.
4. ҚРОМА. Қ-1398. 1-тізбе. 224-іс. 5-12 п.
5. Қазақ тілінің еңбек ерлері // Қазақ тілі. – 1924, желтоқсан-5.
6. Мәннан (Тұрғанбаев) Ұмытпадым. // Қазақ тілі. -1922, қараша – 31. -№87.
7. ШҚО. ҚЗ ТҚО. 72-қор, 1-тізбе, 73-іс, 242 п.
8. Тәбәрікұлы С. Қайран, Мәннан. - Алматы: Қазақстан ҒМО баспасы, 2002. 15 б.
9. Мәннан Тұрғанбаев. Ашаршылықпен күресу // Қазақ тілі. 1921, қыркүйек. - №140.
10. Мәннан Тұрғанбаев Стамбул-Түрікке. // Қазақ тілі. 1922, қазан – 28. -№86.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ӘЙЕЛДЕР

Сайлаубаева Н.Е., Жомартова Г.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласындағы № 25 орта мектеп

Қазақ тарихында ұрпақтар ұмытпайтын, өшпес есімдер саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандары. Өйткені, саяси қуғын-сүргін салдарынан қазақ халқындай көп қырылып, жаппай қуғындалып, аяусыз атылған халық жер бетінде кемде-кем.

Репрессия-латын тілінен аударғанда repressio-басып-жаншу деген мағына береді. Яғни, бүтіндей жою, басып-жаншу мақсатында жүргізілетін жазалау шаралары. Үкімет басшыларының заң орындары арқылы өз халқын, оның жекелеген өкілдерін қуғынға ұшыратып, жазалау шаралары.

Қазақстандағы тұңғыш репрессия 1928 жылдан басталды. Өйткені 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-ші хатшысы болып келген Ф.И.Голощекин республиканың саяси-экономикалық және әлеуеттік жағдайымен танысқаннан кейін «Қазақстанға Ұлы Қазан революциясының ешқандай ықпалы болмады. Сондықтан «Кіші Қазан» революциясын жасау керек» деген теріс тұжырымға келіп, республикада репрессиялық шаралар жүргізе бастайды.

Саяси-қуғын сүргін жылдарының зобалаңы елі үшін жанын қиған қазақ зиялыларының өмірлерін қыршынан қиып жіберсе, ал олардың обасына, әйеліне, балаларына өте ауыр соққы болып тиді. Бұл оқиға олардың жүрегінде сыз қалдырды. Аяулы жарлары-әйелдері «халық жаулары» болып кеткен күйеулері үшін жауапкершілікке тартылып, нақақсыз жапа шекті.

Тұтқында болған танымал тұлғалардың әйелдері «АЛЖИР» лагерінде жазықысыз жазасын өтеді. А.Л.Ж.И.Р. орыс тілінде Акмолинский Лагерь Жән Изменников Родины - Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері болған. Сонау 1937-ші жылы ПХК-ның арнайы бұйрығымен салынған Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагері, кейін баршаның аузында АЛЖИР аталып кеткен азап орталығына айналған. Мұнда 20 мыңға жуық